

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Смирнов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 238 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 мамырда № 4767 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2022 жылғы 4 наурызыдағы № 104 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 04.03.2022 № 104 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Қарабалық ауданы Смирнов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Қарабалық ауданы Смирнов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Он бірінші сессия

терағасы, аудандық

мәслихаттың хатшысы

Е. Аманжолов

КЕЛІСІЛДІ:

Смирнов ауылдық

округінің әкімі

_____ Б. Капанова

**Қостанай облысы Қарабалық ауданы
Смирнов ауылдық округінің жергілікті
қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл
тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекенінің атауы	Қостанай облысы Қарабалық ауданы Смирнов ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Смирнов ауылдық округінің Смирнов ауылының тұрғындары үшін	9
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Смирнов ауылдық округінің Рыбкин ауылының тұрғындары үшін	5
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Смирнов ауылдық округінің Батман ауылының тұрғындары үшін	3
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Смирнов ауылдық округінің Приозерный ауылының тұрғындары үшін	2

Мәслихаттың
2014 жылғы 29 сәуірдегі
№ 238 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Қарабалық ауданы
Смирнов ауылдық округінің бөлек
жергілікті қоғамдастық жиындарын
өткізуудің қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Қарабалық ауданы Смирнов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Смирнов ауылдық округі ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Смирнов ауылдық округінің аумағындағы ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды

өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Смирнов ауылдық округінің әкімі шақырады.

Қарабалық ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге он шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Смирнов ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді Смирнов ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Смирнов ауылдық округі ауылдарының қатысынп отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Смирнов ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Смирнов ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Смирнов ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қарабалық аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Смирнов ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.